



Автор: Утегалиева Нуржайнар Сандибековна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Өзім туралы

Тақырып: Менің сүйікті ойыншықтарым.Менің кемем.

Менің кемем.	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру 2.2.1.1 - мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу; 2.3.1.1 - мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктеге бөліп, жоспар құру
--------------	--

Сабак барысы

Сабак кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы. Сабақтың ортасы. Сабақтың соны.</p>	<p>Басталуы 5 минут Сәлемдесу. Шаттық шенбері. Топқа бөлемін : «Ойыншықтардың түстері арқылы» топқа бөлінеді. Оқушылар сиқырлы қораптан ұнаған ойыншықтарын алғып, топтарғабелініп отырады. Эр топтың алдында қорапта тақырыпқа байланыстысөздер жасырылған. Сол сөздерді «Ойлан тап» арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбы ашылады.</p> <p>Сөздер: -теңіз, су, балық, шағала, мұхит, көл, өзен, тұңғиық. -Ал енді осы сөздер арқылы не жетіспейді деп ойлайсындар – деп оқушылардан сұрау теніз, мұхит бетінде не жүреді? Оқушылардың жауабы: - Кеме - Дұрыс айтасындар балалар</p> <p>Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы жерлесіміз Темір ауданы Бабатай ауылында туып өсken ақын Ертай Ашықбаевтың «Менің кемем» өлеңімен танысамыз</p> <p>Ойыншықтардың түстері арқылы топтарға бөлу. «Ойлан тап» карточкалар презентация</p> <p>Жаңа білім. Білу және түсіну</p> <p>Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады.</p> <p>Кеме туралы мәлімет. Алғашқы кезде суда жүзу үшін адамдар ағашдінінен салды, кейіннен ағаш діңінен ойылып жасалған қайықтарды пайдаланды. Бұлар ескек қомегімен қозғалысқа келтірілді. 15-ғасырдан бері ескек орнына желкен пайдаланыла бастады. Доңғалағы бу күшімен наилатын алғашқы кеме: Англияда 1802 ж., АҚШ-та 1807 ж., Ресейде 1810 ж. жасалды. 19-ғасырдың 2-жартысынан бастап кеме жасауға темір құралымдары кеңінен пайдаланылды.</p> <p>Кеме түрлері: катамаран, катер, траулер, теплоход, паром, өрт сөндіргіш кеме, т.б. Автор туралы мәлімет.</p> <p>Ертай Ашықбаев - 1956 жылы 24 сәуірде Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Бабатай ауылында дүниеге келген. Топтама өлеңдері «Темір қанат» («Жалын», 1981), «Ақ сәуле» (1984), «Бастау» (1990) үжым-дық жинақтарына енді. Жеке жинақтары: «Қос мен» (1988), «Жақсы баға» (1991), «Ұя» (2003), «Ашық сабақ» (2003), «Ғашықтар мектебі» (2004), «Қаңтардағы құс» (2007), «Қобыландының қонысы» (2008). «Қазақстан Конституциясына — 10 жыл» мерекелік медалімен марарапатталған.</p> <p>Тыңдалым. Ертай Ашықбаев. Менің кемем. Өлеңді мәнерлеп оқып беремін.</p> <p>1- Тапсырма Сөздік жұмыс. Төзімді – шыдамды.</p> <p>2- Тапсырма Оқылым. Өлеңді түсініп оқы. Тізбектей оқыту.</p> <p>3- Тапсырма Өлеңді талдау. Эр топ бір шумақтың үйқасын тауып, мағынасын ашып, мазмұндан береді.</p> <p>Оқулық, Презентация Видеоролик https://youtu.be/5RpODrKSivc. Ортасы 20 минут</p> <p>- Кеме көліктің қай түріне жатады? - Кемеге мініп көргендерің барма?</p> <p>Балалардың ойын білу. Қолдану</p> <p>Сергіту сәті. «Кім боламын? Ойыны Шарты: Өскенде кім болғың қелетінін қимылмен көрсету, ойыншықтарын пайдалануға болады. Қарсы жұп шешуін табады.</p> <p>Оқулық, Сұрақтар жазылған карточкалар Оқушылар қимылдар жасау арқылы сергіп қалады.</p> <p>Айтылым.</p> <p>4-тапсырма Топтық жұмыс. Суретке қарап, өлеңді қара сөзben әңгімелe.</p> <p>Бағалау. Кол соғу арқылы бағалау . Постер қорғау А3, ФЛОМАСТЕР Аяқталуы Сабақты бекіту Ой қорыту Жасалған кемелеріне мақсатқа жеткенін жазады Тақырып бойынша түйген білімдерін жазады. Кері байланыс кемес. Үйге тапсырма: Тапсырма: «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбына әңгіме жаз.</p>
---	--